

Екі жақты сәулелену экрандары және жалынсыз типті жанарғылары бар пеш конструкциясы 9-суретте келтірілген. Пеш өнімділігі 6-8 т/сағ шикізатты құрайды.

3-кесте

Құбырлы пештерде түрлі шикізатты пиролиздеудің қалыпты жағдайлары

Шикізат	Режимі	Температура, °С	Жанасу уақыты, с	Су буының концентрациясы %
Этан	Этиленді*	825 - 830	1,0	10
Пропан	— » —	800	1,0 - 1,5	15
	Пропиленді	775	1,0	15
Бутан	Этиленді	800	0,5 - 1,0	20
	Пропилен-бутиленді	750	1,0	20
Газды бензин	Этиленді	780 - 800	1,0	20 - 50
	Пропиленді	750	1,0	20 - 50
Тіке айдау бензині	Этиленді	780 - 800	0,5 - 1,0	30 - 50
	Пропиленді	750	0,5	25
	Бутиленді	725	1,0	25

\* Этиленді режим дегеніміз – этиленнің максималды шығымы алынатын пиролиздеу процесін жүргізудің режимі. Осыған сәйкес пропиленді режим дегеніміз – пропиленнің максималды шығымы алынатын пиролиздеу процесін жүргізудің режимі.

Бұл пештің радиантты бөлігіндегі жылу от жағатын қабырғалардан шашырап жыланшаға беріледі. Қабырғалар жалынсыз жанарғылардан құрастырылған. Әрбір жанарғы 20-25 керамикалық отқа төзімді блоктардан тұрады, олардың әрбір блогында 4-6 туннель болады. Жылыту үшін қолданылатын газ ауамен араласып, ұзындығы 10-15 см болатын туннельге беріледі. Туннель формасы конус тәрізді, онымен газ қозғалған

кезде құйынданып, тез жанады. Жану кезінде туннель қабырғалары қызады және пештің от жағатын бөлігіне жылу шығарады. Қызған қабырғалардан берілетін жылудың қарқындылығы, кәдімгі жанарғыдан шығатын жалыннан 2-2,5 есе жоғары болады.

Жалынсыз жанарғылардан шығатын газдардың температурасы, жалынды жанарғылары бар пештерден шығатын газдар температурасынан, 150-200°С-ге жоғары. Екі жақты сәулелену экрандары бар пештерде радиантты секция құбырлары жылуды екі